

Қазақстан Республикасы Кедендік бақылау агенттігіне аккредитивтерді ашу және олардың қолданылу мерзімдерін ұзарту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 27 желтоқсандағы N 1392 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Республикалық бюджет комиссиясының 2004 жылға арналған республикалық бюджетте Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігіне 004 "Кедендік бақылау және кедендік инфрақұрылым объектілерін салу" бюджеттік бағдарламасы бойынша көзделген:

Қазақстан Республикасы Кедендік бақылау агенттігіне 2004 жылғы 27 ақпандағы N 13 шартқа сәйкес;

Қазақстан Республикасы Кедендік бақылау агенттігінің Солтүстік Қазақстан облысы бойынша Кедендік бақылау департаментіне 2004 жылғы 5 ақпандағы N 20 шартқа сәйкес;

Қазақстан Республикасы Кедендік бақылау агенттігінің Қостанай облысы бойынша Кедендік бақылау департаментіне 2004 жылғы 5 мамырдағы N 105 шартқа сәйкес;

Қазақстан Республикасы Кедендік бақылау агенттігінің Алматы қаласы бойынша Кедендік бақылау департаментіне 2004 жылғы 8 маусымдағы N 70 шартқа сәйкес шарттардың қолданылу мерзімін ұзарту әрі аккредитивтерді ашу және олардың қолданылу мерзімдерін 2005 жылғы 15 наурызға дейін ұзарту туралы ұсынысы қабылдансын.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитеті белгіленген тәртіппен аккредитивтерді ашсын және ұзартсын.

3. Осы қаулы 2004 жылғы 20 желтоқсаннан бастап күшіне енеді.

*Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң*

міндетін атқарушы